«Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобының құрылымы

GRI 2-6

«Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобының құрылымындағы өзгерістер

2024 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ активтерді басқаруды оңтайландыруға және энергетикалық секторды дамытуға бағытталған бірқатар стратегиялық өзгерістерді жүзеге асырды. 14 мамырда Компания активтерінің периметріне «Өскемен СЭС АЭС» ЖШС және «Шүлбі СЭС АЭС» ЖШС-ке 100% қатысу үлестері қосылды. 17 маусымда «Самұрық-Энерго» АҚ тобы Екібастұз қаласы Әкімдігінің меншігіндегі Екібастұз ЖЭО-ның мүліктік кешенін сенімгерлік басқаруға қабылдады. 24 маусымда «Самұрық-Қазына» АҚ-мен бірлесіп үлестерін тең бөлетін үш бірлескен кәсіпорын құрылды (50%-дан): «Көкшетау ЖЭО» ЖШС, «Семей Энерго» ЖШС және «Өскемен Энерго» ЖШС.

Активтерді оңтайландыру шеңберінде 2024 жылғы 28 қазанда 2021 жылдан бастап қаржы-шаруашылық қызметтің болмауына байланысты «Ресурсэнергокөмір» ЖШС-ні тарату аяқталды. 30 қазанда 1997 жылдан бастап қаржы-шаруашылық қызметтің болмауына байланысты «Шүлбі СЭС» АҚ-ның таратылуы тіркелді. 14 қарашада «Астана» халықаралық қаржы орталығына шетелдік активтерді редомициляциялау шеңберінде Forum Muider Limited (Кипр) қосылу жолымен Forum Muider B.V. компаниясы (Нидерландтар) қайта құрылды. 30 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Үкіметі «Самұрық-Энерго» АҚ-ға «Өскемен СЭС» АЭС» ЖШС, «Шүлбі СЭС» АЭС» ЖШС және «Шардара СЭС» АҚ қоса алғанда, стратегиялық объектілерді Qazaq Green Power PLC.-ге беруге рұқсат беру туралы №1138 қаулысын қабылдады. 31 желтоқсанда «Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңын орындау мақсатында «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-ға қосылу жолымен қайта ұйымдастырылды.

«Самұрық-Энерго» АҚ активтер портфелі

Көмір өндіру

- 50% Forum Muider Limited
- 100% «Богатырь Көмір» ЖШС



Көмір және газ генерациясы

- 100% «Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС
- 50% «ЕГРЭС-2» АҚ
- 100% «АлЭС» АҚ
- 100% «Energy Solutions Center» ЖШС
- 50% «Семей Энерго» ЖШС
- 50% «Өскемен Энерго» ЖШС
- 50% «Көкшетау ЖЭО» ЖШС
- 100% «Балқаш ЖЭС» АҚ

Тарату

- 99,16% «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ

Гидрогенерация

- 96,32% «Бұқтырма СЭС» АҚ
- 89,99% АҚ «Өскемен СЭС»
- 100% «Мойнақ СЭС» АҚ
- 100% «Өскемен СЭС» АЭС» ЖШС
- 100% «Шүлбі СЭС» АЭС» ЖШС
- 100% «Шардара СЭС» АҚ

ЖЭК

- 100% «Ereymentay Wind Power» ЖШС
- 100% Qazaq Green Power PLC
- 100% «БЖЭС» ЖШС
- 100% «Samruk-Green Energy» ЖШС
- 25% «Энергия Семиречья» ЖШС
- 25% Altyn Dala Energy Ltd
- 100% «Казгидротехэнерго» ЖШС
- 95% «Теплоэнергомаш» ЖШС

Тәуелді компаниялар

Шөбере компаниялар